

Педагогикалық кеңес хаттамасы №7

(хаттамадан үзінді)

Күн тәртібінде :

1. «Оқу-ағарту министрінің Алғысы» марапатына кандидат ұсыну

Кәсіподақ төрайымы Д.С.Сагидуллина

Тыңдалды:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің салалық көтермелеу жүйесін бекіту туралы ҚР БҒМ 08.08.2013 жылғы №324 бұйрығына сәйкес Оқу-ағарту министрінің Алғысына марапаттауға бастауыш сынып мұғалімі З.К.Сейтжанованың төмендегі жетістіктерін ескере отырып, ұсынамын:

Сейтжанова Закия Кыдыралиевна 1982-1995 жылдары Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Кредиковка орта мектебінде музыка пәнінің мұғалімі, 1995 жылыдан бастап Хромтау ауданы "Аққұдық орта мектебі" КММ бастауыш сынып мұғалімі қызметін атқаруда. Ұлты: қазақ. Жұмыс өтілі: 41 жыл. Педагог–зерттеуші санатты мұғалім.

Сейтжанова Закия Кыдыралиевна көптеген марапат иесі, қысқаша тоқталып өтетін болсақ: 2018 жылы Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы Бастауыш сынып мұғалімдері арасында өткен облыстық пәндік олимпиадада белсенділік танытқаны үшін Алғыс хат, 2018 жылы Хромтау аудандық білім беру қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының Алғыс хаты. 2019 жылы Ақтөбе ғылыми тәжірибелік орталығы Педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру іс шараларына белсене қатысып, білімі мен шығармашылық шеберлігін танытқаны үшін Алғыс хат. 2020 жылы Жалпы білім беру ұйымдарының білім алушыларының арасында өткен «SCIENCE: DISCOVERIES AND PROGRESS-2020» III Республикалық Ғылыми-зерттеу жұмыстарының байқауына қатыстырушыларды даярлаудағы нәтижелі еңбегі үшін Алғыс хат. 2021 жылы Ақтөбе облысының бірі басқарамысының Құрмет грамотасымен марапатталды. 2023 жылы «Өрлеу» БАҰО» АҚ Алғыс хатымен марапатталды.

Келесі сөз сөйлеуші:

Қоғамдық-гуманитарлық бірлестік жетекшісі М.Е.Иманкулова:

Бастауыш сынып мұғалімі З.К.Сейтжанова кәсіби құзіретті педагог, өз пәні бойынша оқушылармен белсенді жұмыс жасайды. Өз тәжірибесін мектеп ұстаздарының кәсіби құзіреттілігін арттыруға бағыттап отырады. Өзінің педагогикалық салада жасаған ерен еңбегі ОББ–ның Құрмет грамотасы, «Өрлеу» БАҰО» АҚ Алғыс хатымен марапатталып келеді. Мектеп қабырғасында іс-шараларға белсене қатысып, оқушыларымен біріге отырып сайыстарға қатысады. Осы еңбектерін ескере келе З.К.Сейтжанованы марапаттауға ұжым атынан ұсынуға келісім білдіреміз.

Келесі сөз сөйлеуші:

Тәрбие ісінің орынбасары А.Е.Акниязова: Мектептің тәрбие жұмысын жүргізу, жас мамандарды педагогика қызметінің қыр-сырымен таныстырып, бағыт бағдар беру жұмысын көп жылдар бойы З.К.Сейтжанова абыроймен

атқарып келеді. Оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, мектеп жұмысын дұрыс жоспарлау, қауіп – қатердің алдын алу бойынша көпжылдық еңбегі бар, тәжірибелі ұстаз. Жоғарыдағы айтылған жетістіктері осы жұмыстың қала, облыс, республика көлемінде де белгілі екенінің дәлелі. З.К.Сейтжанованы марапаттауға ұжым атынан ұсынуға келісім білдіреміз.

Шешім:

1. «Оқу-ағарту министрінің Алғысы» марапатына бастауыш сынып мұғалімі З.К.Сейтжанова ұсынылсын.

31.05.2023ж

Отырыс төрағасы:  А.М.Кунтаев

Отырыс хатшысы:  Г.Б.Жармағамбетова